**«Төлеби аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның кезектен тыс өткізілген жиналысының**
**ХАТТАМАСЫ**
**№8**

**Көксайек ауылы** **«15» мамыр 2023 жыл**

**Төрағасы:** Басшы К.Р.Умарова
**Хатшылықта:** Басшының сапа ісі жөніндегі орынбасары м.а. Г.К.Беркинбаева
**Қатысқандар**: Төлеби аудандық ауруханасының бөлім меңгерушілері мен ауылдық амбулаториялардың аға дәрігерлері.
**Күн тәртібінде**:Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясытының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен танысу, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» мақсатындағы ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.

Жиналыста келесі мәселелер айтылды, 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін барынша азайтуға, сыбайлас жемқорлық үшін жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға одан әрі ауқымды тарту жөнінде шаралар қабылдауға,сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты монирингтеуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметі бойынша одан әрі жетілдіруге бағытталған нақты реформалар мен жобаларды қамтитын 6 міндеттер блогы қамтылған.

Сонымен қатар, қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін бірінші басшылардың дербес жауапкершілігі, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлағаны үшін азаматтарды көтермелеудің сараланған жүйесі сыбайлас жемқорлық субьектілірінің құрамы кеңейтілгендігі , пара бергені және парақорлыққа делдал болғаны, сондай-ақ кісіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін жауапкершіліктің қатаңдатылғандығы жөнінде толыққанды ақпарат айтілып өтті.

Жиынға қатысушылар айтылған ескертпелерді толығымен қолдайтындығын және берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

***Жиналыс төрағасы*** **К.Р.Умарова**

*Хатшы: Г.К.Беркинбаева*